

# егемен Қазақстан

## ТҰРЛАУЛЫ ТАҒДЫР

**1956 жыл. Итжеккенге айдауға жіберілген уақыт бітті. Сталин өліп, Хрущевтің жылымық кезеңі басталып, келешектен жақсы үміт күткен кез. Хамза Абдуллин елге оралды. Пәленбай жыл бастан өткізген неміс тұтқыны мен кеңестік лагерьдегі тұманды күндер келмекке кетсе керек. Зорлық-зомбылық бітіп, енді тамаша өмір басталатындай көрінді.**

Туған өңірден шалғайлау, жырақта жүріп қорлықты көп бастан кешірген адам елін, жерін, туған-туыстарын, жолықпай жүрген достарын қатты сағынады екен. Елге келгенде ол мұны қатты сезінді. Бірақ оны Алматы суық қабылдады. Бостандыққа шықтым-ау деген қуаныш аз уақытта-ақ су сепкендей басылды. Бір кезде жақсы көреді-ау деген ақын-жазушылар бойларын аулақ ұстай бастағандай. Талай бастыққа барып еді, ешкім жұмысқа алмады. Қайда барса да алдынан сотталғаның, Отанға опасыздық жасағаның деген суық сөз шықты. Шу дегенде түсінбеді. «Мұнысы несі, баяғы жарлығы жәрдем беретін бай қазақтың баласы емес пе едік?» деген ойға қалды. Соған қарамастан, абақтыда отырып азып-тозып, әбден шаршапшалдығып келсе де «жоқ, мен жасуға тиісті емеспін» деп қайраттана түсті. Қамақта отырғанда Шота Руставелидің «Жолбарыс терісін жамылған жиһанкез» дастанын аударуды бастап еді, соны жалғастыра берді.

Мүшкіл халімді түсінер деген оймен біраз жылдар өмірін итжеккенде өткізген Мұхамеджан Қаратаев пен Зейін Шашкинді жағалайды. Олар қолдарынан келген көмегін аямайды, бірақ қызметке орналастыра алмайды. Бұлардан да күні кеше айдауда болған «халық жаулары» деп күдіктенетін сияқты. Мұқаң Қасым Аманжоловтың 13000 жол өлеңін (әр жолы екі сомнан) жолма-жол аударуға шарт жасатып береді. Ал Зейін ағай мен Катя жеңгей екеуі тұрмыс жағдайлары сонша асыптасып жатпасада бірге туған адамдардың ғана қолынан келетін жақсылықты жасайды: су жаңа кәстөм мен пәлтө сатып әпереді. Кейіннен ай сайын ақшалай көмектеседі. Міне, осы екі қаламгердің шарапаты арқасында 1957 жылдың соңғы айларына дейін қатты таршылық көрмейді. Бірақ қызметке орналаса алмайды. Сөйтсе, оны бұрын көрмеген, білмеген, араласпаған жас жазушылар үстінен Мәскеудің бас прокуратурасына, Ташкенттің әскери трибуналына, КГБ-ге, партияның Орталық Комитетіне, Жазушылар одағының төрағасы Ғабит Мүсіреповке, тағы біраз жерлерге арызды жаза беріпті. Қойған айыбы – «ұлтшыл, партия саясатына қарсы, тың игеруді қолдамайды, Хрущевті жек көреді», т.т.

Қысқасы, не керек, соғысқа аттанар алдында партияның орталық басылымы – «Социалистік Қазақстан» газетінің бөлімін басқарған белгілі журналист, танымал ақынды ешкім жұмысқа алмайды. Сөйтіп, Хамза Абдуллин Алматыдан кетуге мәжбүр болады.

Балажасынан танитын, оның шығармашылығынан хабары бар Ілияс Омаров сол кезде Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінде істейтін. Ілекеңнің тікелей қамқорлығы арқасында облыстық «Ленин туы» газетіне жұмысқа қабылданып, сонда алты жылдай істейді. Біраз уақыт өтті ғой, бұрынғы у-шу басылған шығар деген оймен қайтадан Алматыға көшіп келеді. Алайда, жағдай өзгере қоймапты. Тағы да алты жылдай жұмыссыз жүріп, ақыры Орталық комитеттің араласуымен «Жаңа фильм» журналына эзер орналасады.

\* \* \*

ЮНЕСКО шешіміне орай 2000 жылдың мамыр айында Сәбит Мұқановтың жүз жылдық торқалы тойын атап өтуге байланысты Алматыда, ҚазМҰУ-де ғылыми-теориялық конференция болып өтті. Екі күндік осы жиынға қатысып, қол босады-ау деген кезде Хамза Абдуллинге сәлем беріп, кіріп шығуды ұйғардым.

Ол Тимирязев көшесіндегі бес қабатты үйдің астыңғы жағында тұрады екен. Кемпірі жоқ, бағып-күтетін жанашыр болмаған соң, қарт адамда қандай күтім болушы еді. Өзі сырқаттанып ауруханадан шыққан, жүдеген, алайда, үйі таза, бірақ оның көптен жөнделмеген жұпыны кейпі білініп-ақ тұр. Дегенмен, ақсақалдың көңіл-күйі жаман емес, кезінде өзіне өкімет тарапынан көрсетілген зорлық-зомбылықты, қиямет-қайымды кешіріп, сабасына түскендей. Осы кезде Жеңістің 55 жылдығы атап өтіліп жатқан, соған орай Хамзекеңді әртүрлі кездесулерге шақырып, барған мекемелері соғыс ардагері есебінде құрметтеп, сыйсияпат көрсетіп жатса керек. Шіркін, заман-ай десеңізші! Күні кеше халық жауы деп сотталды, итжеккенге барды, елге қайтқанда қоғам оған сенімсіз, күдікті элемент есебінде қарап еді. Дұрыс жұмыс бермек түгіл, адам екен деп сөйлеспей қаншама қорлық көрді! Мұндай тірлік 49 жылға созылғанын біреу білсе, біреу білмес. Сонда да Хамзекең ешкімге кек сақтамаған сияқты.

Ақсақалмен алғаш кездесем де әңгіме-дүкен құрып, бұрын талай сөйлескен адамдай шүйіркелесе кеттік, жатырқамады. Рас, «Түркістан легионы» кітабын жазу үстінде бірнеше рет хат жазысып, пікір алысқан едім. Мүмкін сондықтан болар. Соның бірі Мағжан туралы. Хамза Абдуллинді жауапқа тартқанда тағылған «кінәнің» бірі осы «халық жауы, ұлтшыл ақын Мағжан Жұмабаевты насихаттауы» болатын.

«Мұстафа мен Мағжан – Тұран елінің даналары» (Алматы, 1993) деген кітапта Мағжан Жұмабаевтың туған інісі Қалижанның қызы Райхан Шонаевамен сұхбат жарияланған. Сол кезде Абай атындағы Алматы мемлекеттік университетінде жауапты қызмет атқарып жүрген Шонаева ханым тілші қойған көп сұрақтың біріне:

– Мағжанның ақталуына бірінші мұрындық болған Хамза Абдуллин. Хамзекең біздің үйдің құдабаласы. Туған жиендеріміз Серғазы Нұрмағамбетовпен Бибізайыптың немере інісі. Кішкентай күнінде Мағжанның батасын алған, – деген.

Бұл пікірді Қазақстан Жазушылар одағыда кезінде ресми түрде мойындаған еді. Хамзаның өлеңдері «қазақтың ұлы ақыны Мағжан Жұмабаевтың назарына ілініп, асыл ағаның ықыласын аударған», деп мәлімдеуі соның айғағы болса керек («Қазақ әдебиеті», 11 наурыз 1997 ж.).

Ұзақ жылғы үзілістен соң атақты ақынның 1989 жылғы алғаш жарық көрген кітабының, одан кейін шыққан еңбегінің (1995 ж.) редакция алқасына еніп, Мағжан шығармаларын құрастыруға Хамзекеңнің белсене қатысуын осы жерде атап өткеннің артықшылығы жоқ шығар деп ойлаймыз.

Енді Райхан Шонаеваның тілшіге берген жауабына қайта оралайық.

– Біздің төңіректе Мағжан ағаның өлеңдерін түгелдей жатқа білетін Бибізайып тәтеммен осы Хамзекең ғана. Ол 1956 жылы кеңестің концлагерінен шығып, елге келісімен Мағжан ағаның ақтау қағазын алу жөнінде көпжұмыстар істеді, – дейді Шонаева.

Хамзекеңмен кездескенде осы сұхбат ойға оралды. Үй иесі мұны сезгендей, әңгіме төркінін Мағжан Жұмабаевқа қарай бұра бергенін біз де іштей құптап отырғанымыз рас.

– Мағжанның біздің үйге құда бала болып есептелгенінің өзі бір басқа. Екеуіміздің көкеміз бірге қызмет атқарған. Менің әкем Жармұхамбет кезінде Ақмола облысында волостной правитель қызметін атқарған Мағжанның әкесі Бекен Жұмабаевтың ісжүргізуші заңгері болған. Әкем қаражаяу емес, орыс, парсы тілдерін білетін көзі ашық, көкірегі ояу сауатты адам еді. Демек, Бекеннің барлық іс қағаздарын реттеу, оны заңға сәйкес жүргізу әкеме жүктелгені тегін болмаса керек. Белгілі қазақ әншісі Ермек Серкебаевтың әкесі Бекмұхамет Мағжан Жұмабаевпен дос болған, кезінде Қызылжардағы шала қазақ аталған медреседе бір топта дәріс алған. Екеуі Уфаға бірге аттанып, «Ғалия» медресесінде оқыған Сүлеев, Құдияров, Оразаев, Майлин, Ешкеев сияқты қазақ балаларымен кездеседі. Ол кезде бұл оқу орнын Сәлімгерей Жантөрин басқарды, ал жазушы Ғалымжан Ибрагимов мұнда аға оқытушы болатын. Көзі тірі кезінде Бекен қария кездесе қалғанда Мағжанмен бірге болған сәттерді, оның ғажап поэзиясын үнемі еске алатын.

Хамзекең өткен күннің көмескі елестерін көз алдына елестеткендей, ой теңізіне жүзіп кетті. Көп ұзамайақ әңгіме желісін жалғастыра түсті. Ақсақал сөзіне тағы құлақ түрдік.

– Мағжанның Омбыда Сәкен Сейфуллинмен бірге оқығаны белгілі. Екеуі бірін-бірі сыйлап, құрмет тұтатын. Оқуды бітірген соң Сәкен елге мұғалім болып кетті де, Мағжан сонда қалып қойды. Аумалы-төкпелі заман еді. Екеуі де ұсталып, абақтыға жабылғанда Сәкен қашып шықты да, Мағжанды Әлихан Бөкейханов қолұшын беріп, шығарып алған. Мағжан мен Сәкен бірін-бірі көре алмай өштесті деген алып-қашпа өсек бар. Бұл дұрыс емес, арандатушы сөз. Сонау қиын-қыстау кезеңде Сәкен шама-шарқынша материалдық тұрғыдан көмектескен, ақшаны Сәбит арқылы жіберген кездері де болды. Сәбит те өзі тарапынан осындай қамқорлық жасағанын көрдім.

Сәкен Мағжанды Алматыға шақыртып, сол жерде оның қызмет істеп, әдеби ортаға оралуына жағдай жасаймын деп әрекеттенгені де шындық. Мысалы, 1937 жылдың 18 наурызында Мағжанды Қызылжардан шығарып салғаным есімде. Артынан екі-үш айдан кейін өзім де сонда жеттім. Сол жылы Алматыдағы Коммунистік журналистер институтына түстім. Оқу кестесіне сай бір күні Сәкен Сейфуллинмен кездесу жоспарланған еді. Институтта хабарландыру күні бұрын жазылып, онымен болатын жүздесу сәтті асыға күттік. Ол келмеді. Оқу бөлімінің меңгерушісі тосындар, абыржымаңдар, деп бізге қанша сендіргенімен, атақты ақын көріне қоймады. Сөйтсек, Сәкен халық жауы есебінде ұсталып, абақтыға жабылған екен.

\* \* \*

1975 жылы «Жұлдыз» журналының 9-санында Ғабит Мүсіреповтің Хамза Абдуллин қазақшаға аударған грузиннің ұлы ақыны Шота Руставелидің «Жолбарыс тонды жиһанкез» поэмасы туралы мақаласы жарық көрді. Бұл пікірдің өмірге қалай келгендігі жөнінде кезінде сол басылымда қызмет істеген жазушы Сағат Әшімбаев Хамзекеңнің өзіне былай деп сыр шерткен екен.

– Ғабең сіз туралы жазған мақаласын біреуден біздің редакцияға беріп жіберіпті. Редактор оны әуелі маған оқытты да, кейіннен өзі оқыды. Оқып шықты да, маған бұл мақаланың өзіне «ұнамағанын» хабарлады.

– Неге ұнамады? – деп сұрадым.

– Ұнамағаны, осы мақаланы Ғабең жазбаған сияқты. Аудармашы өзі жазып, өзін өзі асыра мақтап, содан соң Ғабеңнің қолын қойып, бізге біреуден беріп жіберген болу керек. Сондықтан сен осы мақаланы ал да Ғабеңнің үйіне бар, ақиқатын анықта! – деді.

Редактор тапсырмасы маған тіпті ұнамады. Оның үстіне мен Ғабеңнің алдында осы бір ұнамсыз қылықтың бастаушысы болып көрінем ғой деп қынжылдым.

– Ештеңе етпейді, бар! – деді редактор.

Мен, мақаланы қолыма алып, Ғабендікіне бардым. Бастығымның пікірін айттым. Ғабен бір ауыр ой билегендей сыңай көрсетті.

Біраз түнеріп отырды да:

– Япыр-ай! – деді. – Осы Хамзаны сендер сияқты мен де түсінбеймін. Өзінің арызын айтпақ болып ол бөлмеге талай келді. Ылғи қабылдамай, қуып шығып жүрдім. Себебі, бастығы Қалижан Бекхожин болып Хамза туралы айтпаған сөздері жоқ: опасыз, Германияда Мұстафа Шоқиевтың адъютанты болған, Совет өкіметіне қарсы бірнеше кітап жазған; екіншіден, өзі шала сауатты, не орысша, не қазақша білмейді. Аудармасы – аударма емес, ешбір қазақ поэзиясына қатысы жоқ шимай-шатпақ, бытпылдық! Бірнеше жазушының маған хабарлаған осындай пікірлерінен кейін мен күндесшіл, өсекшіл, қызғаншақ ақындардың өтірігіне нанып, Хамзаны маңыма жолатпайтын болдым.

Осы кездесуде Ғабен бұл пікірінің қалай өзгергенін де сөз етеді. Бір күні академик Сақтаған Бәйішев телефон соғып, оған Хамза Абуллиннің келіп отырғанын хабарлайды. Ғалым оны жас кезінен білетіндігін, Алматыдағы Коммунистік Журналистер институтын қызыл дипломмен бітіріп, қарамағында, «Социалистік Қазақстан» газетінде бөлім меңгеруші болып істегенін, өте сауатты журналист болғандығын, ақындығына келсек, алғашқы «Шойын жолда» деген поэмасы жүлделі бірінші орынға ие болғандығын айтады. Соғыста тұтқында болғаны үшін 10 жылға сотталады, түгелдей отырып шықты. Енді бұл жігітті сіз бөлмеңізге де жолатпайды екенсіз, сонда ол қайда барады? Сіз оны қабылдап, жазғанын оқып, тәуір дүние болса жәрдемдесіңіз, ал нашар болса бұл кісіге қамқорлық жасамайақ қойыңыз, дейді (Күлкінді жүрміз сағынып. Алматы, 1993, «Шабыт» баспасы, 43-44-б.).

Міне, осыдан кейін ақынды қабылдайды. Ол дастанның орысшасын да, қазақшасын да Ғабеннің алдына жайып салады. Әр сөздің мағынасын, тұңғық сырын терең түсінетін заңғар жазушы тәржіманың сұлулығына қызығып, дастанның бірнеше тарауларын қолма-қол оқып, мұның тамаша туынды екендігін сезген соң оны шығаруға көмектесемін деп уәде етеді. «Бірақ жәрдемдеспек болғанымды біліп қалған адамдар менің өзімді Орталық комитеттің екінші хатшысы Титов арқылы жұмыстан шығартқызып жіберді», – дейді Ғабен ағынан жарылып.

Солай бола тұрса да ол Хамза алдындағы борышын өтеуді ешқашан ұмытпаған. Арада жеті жыл өткен соң аудармаға алты бет орысша пікір жазып, ақынды Қонаевқа жібереді. Димекеннің араласуымен қолжазба баспаханаға жеткізіліп, «Жазушы» баспасынан 1974 жылы дереу жарық көреді.

Дастанның қазақшасын оқып отырғанда, оқырман өзін жаңа бір жыр дүниесіне тап болғандай сезінеді. Мұның құпиясы аударма авторының тек Руставелиге ғана тән поэтикалық әдісті түгелдей түсініп, түгелдей сақтай алуында жатқанын Ғабен кітаптың алғы сөзінде ерекше атап өтеді.

Әрмен қарай: «Хамза Абдуллиннің 25 жыл еңбек етіп, қазақ жыр өлеңіне тарту еткен бұл баға жеткісіз дүниесін әдебиетіміздің өміріндегі аса бір үлкен, айта қаларлықтай мәдени табыс деп таныған жөн. Адам баласының дүниелік алтын қорына жататын көркем шығармалар өз қалпында, өз бояуларында, өз стилінде аударылуға тиісті. Хамза осы жолмен аударған. Мен де осыны дұрыс көремін», – деп ойын қорытады Ғабит Мүсірепов.

«Болат біз қап түбінде қалмас», дегендей, асыл қазынаның өміршең болатындығы сөзсіз. Қазақ әдебиетінің классигі Ғабеннің өзі жоғары бағалаған Хамза Абдуллиннің бұл еңбегі 2004 жылы «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы аясында қайтадан жарық көруі соның айғағы болса керек.

\* \* \*

Мен – қазақпын!

Қазақ үшін көрдім көбін азаптың.

Шыда, бауырым, Алаштың жас ұланы,

Азаттыққа қалды тіпті аз-ақ күн.  
(Хамза Абдуллин, Колыма, 1953).

Ол Мағжан Жұмабаевтың батасын алған, Мұстафа Шоқайдың түркішілдік идеясын туғып көтерген, Мәжит Айтбаевты туған ағасындай көріп, сырлас, дос болған. Мұны ешкімнен жасырған жоқ, сол үшін жазасын тартты, итжеккенге де айдалды. Алайда, Хамзекең неміс тұтқынында болғанда да, орынсыз бас еркінен айрылып, Колымада жүргенде де болашаққа деген сенімін жоғалтпады. Бодан болған Қазақ елі түбінде егемендікке, тәуелсіздікке қолы жететіндігіне сенді. Мұны оның жау қолында, сондай-ақ совет лагерінде болған кезінде жазған жыр жолдарынан айқын байқап сезесіз.

Ерте кезім, өткен күнім – алтын шақ,  
Жас өмірім қайта ту да жай құшақ!  
Серпіл үстен, қараңғылық тұманы,  
Аш қойныңды, тарт бауырыңа болашақ, – деп жазды ол 1942 жылы неміс тұтқынында жүріп. Ал соғыстан кейін елге оралып, кеңестік лагерьде, итжеккенде жүргенде ойын былайша түйіндейді:

Қазақ елі, сен – Тұранның төрісің,  
Сенен шыққан төрт тарапқа өрісім.  
Аспанға ұлып, шығып Алтай шыңына,  
Көрем тұрған Түріктің Көк Бөрісін,  
– деп көсіле жырлайды.

Хамза Абдуллиннің 1937 жылы Қызылжардағы облыстық «Ленин туы» газетінде жарияланған «Айша», «Пушкин – дана» атты алғашқы өлеңдерінің өзі Мағжанға ұнаған. Даңқты ақын сол балауса жырларға үлкен үміт артып, оған ағалық ақыл-кеңесін берген. Бұдан қуат, нәр алған жас ақын сонау қырқыншы жылдардың басында республикалық әдеби конкурсқа қатысып, Хамзекеңнің «Шойын жолда» деген дастаны бірінші жүлдеге ие болып, оның есімі байтақ алаш жұртына жайылған.

Сұрапыл соғыстың сол бір қиын қыстау кезеңінде де жыр жазудан бір сәт қол үзбеді. Сол жылдары Берлинде қазақ тілінде «Тасқын жыр» атты үлкен жинақ шығарды. Колымадан оралған соң «Теңізден теңізге» деген кітабы жарық көрді. «Ел суреті» атты жыр жинағы өмірге келді. Кейін «Мұстафа мен Мағжан – Тұран елінің даналары» деген естелік кітабы оқырмандар қолына тиді.

Жауынгер ақын Хамза Абдуллиннің әлем әдебиетінің озық үлгілерін қазақшаға аударуда сіңірген еңбегі зор. Мұның ішінде Ғабит Мүсіреповтің өзі жоғары бағалаған атақты грузин ақыны Шота Руставелидің «Жолбарыс тонды жиһанкез» дастанын ана тілімізде сөйлетуін ерекше атап өткен жөн. Сонымен бірге, Пушкиннің, Лермонтовтың, Хетагуровтың, Байронның, Шиллердің, Гетенің, Вургуннің, Прокофьевтің өлеңдерін, грузин ақыны Ираклий Абашидзең «Грузия аспаны» жыр жинағын, татар, башқұрт, қырғыз ақындарының бірсыпыра шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Жалпы тұрандық идеяны туғып көтерген Сайранның (бүркеншік аты) – Хамза Абдуллиннің жырлары түркі тектес халықтар арасында белгілі. 1973 жылы Ыстамбұлда түрік тілінде шыққан «Алаш – Түркістан түріктерінің ұраны» атты кітабында Хасен Оралтай былай деп жазады: «Сайран мырза Берлиндегі Түркістан ұлттық комитетінде қызмет атқарды және көп пайдасын тигізді. Оның кітаптары мен журналдарда жарияланған өлеңдері Мағжан Жұмабаевтың шығармалары сияқты қуатты және өзіне тартатын болғандықтан, Түркістан ұлттық армиясының мүшелері оларды сүйіп оқитын. Өкінішке қарай, бұл біреулерге ұнамады. Сондықтан жазықсыз жала жабылды. Соғыстың соңына таман Сайран мырзаны СС қудалап, нақақтан-нақақ тұтқындайды».

«Бұл оқиға Словакия жерінде болған еді. Әйтеуір Құдай сақтап, аман қалдық қой», – деген еді Хамзекең өткен шақты еске алып. Хамза Абдуллин ақсақалмен көзі тірісінде, 2000 жылдың мамыр айында кездескенде болған әңгіме желісі осындай. Келесі 2001 жылы біздің кейіпкеріміз өмірден өтті. Оған да он бір жылдан асты. Жарты ғасыр өз елінде еріксіз «халық жауы» болған

Хамза Абдуллин өлерінен бес жыл бұрын ғана толық ақталды. Сондықтан болар, жазғандары көп жарияланбады. Мөлдір жыры насихатталмады. Ылғи қуғын-сүргін жағдайда өмір сүрді, алаңсыз жұмыс істеуіне мүмкіндік жасалмады. Осындай қысымшылық жағдайда ара-тұра тасқа түскен, жарық көрген өлеңдерінің өзінен-ақ оның тамаша ақын, елін, жерін сүйген нағыз азамат екенін көріп, білуге болады. Ақынның жыры өлмейді, өшпейді.

Амантай КӘКЕН  
журналист.